15-дәріс

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 4-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫ

Дональд Дэвидсон мен Питер Стросон

Витгенштейн мен Куайн, әсіресе, континенталды Еуропада, аналитикалық философияның екі жетекші өкілі ретінде танымал. Бірақ, шын мәнінде, олардың философиясы бір-бірінен айтарлықтай өзгеше. Атап айтсақ, олар философияның табиғатына қатысты түрлі көзқарасты ұстанды. Аналитикалық-синтетикалық айырмашылыққа күмәнмен қарайтынына байланысты Куайн философия мен эмпирикалық ғылым арасындағы нақты бір шекараның болатынына сенген жоқ. Ал Витгенштейн болса, өмір бойы, өзінің Философиялық Трактататында жазылған мына бір ойынан айнығаны жоқ: «Философия жаратылыстану ғылымдарының бірі емес. «Философия сөзі» жаратылыстану ғылымдарынан жоғары немесе төмен тұруы мүмкін, бірақ олар ешқашан бір қатарда тұрмайды». Сциентизм, яғни философияны ғылым ретінде қарастыру талпынысы – оның өмір бойғы ізденісіне айналды. «Көк» кітабында ол былай деп жазды: «Ғылым әдістері үнемі философтардың көз алдында болатындықтан, олар амалсыз философиялық сұрақтарға ғылымның әдістерімен жауап бергісі келіп тұрады. Бұл беталыс метафизиканың қайнар көзі болып, философты адасуға жеткізіп жатады».

Лю́двиг Йо́зеф Иога́нн Витгенште́йн – аустриялық философ және логик, аналитикалық философия өкілі, XX ғасырдың ең көрнекі философтарының бірі.

Дегенмен Құрама Штаттарында Куайн ұсынған сциентизм орнығып кетті. Оның ең көрнекі өкілі – Куайнның Гарвардтағы шәкірттерінің бірі Дональд Дэвидсон (1917–2003). Дэвидсон Құрама Штаттарының көптеген университеттерінде дәріс беріп, өз өмірінің соңғы жиырма екі жылын Берклиде өткізген ең танымал американдық философтардың бірі. Ол 1917 жылы 6 наурызда Массачусетс штатындағы Спрингфилде дүниеге келді. Дэвидсон – Гарвард университетінің түлегі. Ол Стэнфорд, Принстон, Чикаго және Рокфеллер университеттерінде дәріс оқыды. Ал 1981 жылы Берклидеги Калифорния университетіндегі қызметіне тұрды. Балалық шағында, өмірінің алғашқы төрт жылын Дэвид ата-анасымен бірге Филлипин аралдарында өткізді. Оның докторлық диссертациясы «Филеб» деп аталатын Платонның диалогына арналды. Дэвидсон фортепианода тамаша ойнаған, оның музыкаға деген қызығушылығы өте жоғары болды. Бәлкім, соның әсері шығар – ол Стэнфорд университетінде музыка философиясынан дәріс те оқыды.

Дóналд Гéрберт Дэ́видсон – американдық философ. Дональд Дэвидсонның еңбектері философияның барлық салаларына ықпал етті, алайда оның ең нәтижелі еңбегі ақыл-сана философиясы мен тіл философиясын қамтыды. 1970 жылдары ол философияға супервенттілік ұғымын енгізді де, бұл термин артынша кеңінен таралып, танылды. Дэвидсон іс-әрекет теориясы, таным теориясы, ақыл-сана философиясы және мән-мағына философиясының аясында ізденіс жасады. Дэвидсонның ойынша, бірдей оқиғаны түрліше сипаттауға болады: психикалық немесе менталды тұрғыда ол іс-әрекетке арқау болады. Ал физикалық тұрғыда алынса, ол – іс-әрекеттің себебі ретінде қабылданады. Демек, менталды және физикалық оқиғалар себеп-салдарлы қатынастарды құрайды. Алайда қатаң психофизикалық заңдар, яғни менталды және физикалық оқиғаларды байланыстыратын заңдар жоқ. Оқиғаның менталды сипаттамасы мен оның физикалық әрекетінің арасында байланыс орнататын қатаң заң болмаса да, осы оқиғаның физикалық сипаттамасы мен оның әрекеті арасында байланыс орнататын қатаң заң бар. Дэвидсонның осы ұстанымын «аномальді монизм» деп атайды: бұл ұстанымдағы монизм ментальды оқиғаларды физикалық оқиғалармен бірдей деп тұжырымдауға, ал аномалия – психофизикалық заңдарды терістеуге байланысты.

Дэвидсонның ұнатып таңдаған жарияланым түрі – қысқаша мақалалар, бірақ оның эсселерінің көбісі жинақтарға топталған, соның ішінде «Әрекеттер мен оқиғалар туралы» очерктер/эсселер (1980) және «Ақиқат пен Интерпретацияға қатысты зерттеулер» (1984) жинақтары. Ақыл-ой мен әрекет философиясы аясындағы Дэвидсонның сциентизмі философия мен психология арасындағы айырмашылықты жоққа шығарды; тіл философиясында ол мән-мағынаның эмпирикалық және экстенсивті теориясын жөн көрді.

Дэвидсонның 1976 жылы жарық көрген «Ақиқат пен мағына» мақаласы былайша басталады:

Тіл философтарының көбісі және соңғы кезде лингвистердің кейбірі бұл тұрғыдағы қанағаттандырарлық теория сөйлемдердің мағынасы сөздердің мағынасына қалайша тәуелді болатыны турасында бір тұжырым беруі тиіс деп мойындайды. Әрбір жеке тіл үшін осындай тұжырымдама жасалмайынша, шешуші бір лексика мен ережелердің келісімді топтамасын

игеріп, сөйлемдердің ықтимал мағынасының шексіз санының қайсыбіріне тоқтам жасап, оны түсінуге дайын болу фактісін толық түсіндіруге болмас еді.

Дэвидсонның мән-мағына теориясы ақиқат теориясына негізделген. L тіліне лайықты ақиқат теориясы L сөйлемдерінің барлығы үшін ақиқаттылық шарттарын бекітеді. Бұл әрбір сөйлемді жеке-жеке қарау сияқты мүмкін емес әдіспен емес, сөйлемдердің құрамдас бөліктері өздері құрайтын сөйлемдердің ақиқатты шарттарына қалайша сай болатынын көрсету арқылы іске асырылады. Мұндай теория терминдердің негізгі тізімі мен синтаксистік ережелердің түпкілікті топтамасын қамтиды, бірақ ол «Тек р болса ғана, L-де S ақиқатты болады» деген формадағы ақиқатты сөйлемдердің шексіз санының құрылуына себептеседі.

Куайн сияқты Дэвидсон да өз теориясын тілі мүлде өзгеше бір қоғамға тап болғандағы біздің әрекетімізді қарастырып түсіндіреді. Мұны түсіндіру үшін біз олардың қай жағдайда қандай сөйлемдерді жөн санайтынын бақылай отырып, олардың тіліне лайық ақиқаттылық теориясын құруымыз қажет; бірақ біз белгісіздік пен скептицизмнің қаупінен құтылмақ болып, жергілікті тұрғындар ақиқатты және ақылға қонымды пайымдары бар деп сеніп, олар соған лайық рационалды тұжырымдар мен шешімдерді қабылдайды деп ойлаймыз. Бұл «мейірімділік немесе қайырымдылық принципі».

Уиллард Ван Орман Куайн – американдық философ, логик және математик.

Адамдардың шынайы мінез-құлқы оларға түрткі болатын себептерімен анықталады, яғни олар өздерінің қалаулары мен сенімдерін басшылыққа алады – Дэвидсон мұны менталды оқиғалар деп түсіндіреді. Осы менталды оқиғалар мен олар «рационалды ететін» әрекеттер арасындағы байланыс себепке айналады: әрекет алдын-ала ниетпен жасалды. демек, ол соған түрткі болатын сенімдер мен қалаулардың ықпалымен жүзеге асты деген сөз.

Бірақ Дэвидсон үшін мұндай себеп-салдарлық байланыс жанама сипатта: біз агенттердің сенімдері мен қалауларын және олардан туындайтын әрекеттерін байланыстыратын психологиялық заңдарды өзіміз қолдан жасай алмаймыз. Керісінше, Дэвидсонның айтуынша, әрбір индивидуалды менталды/психикалық оқиға сонымен қатар индивидуалды физикалық оқиға да болып табылады, оған қоса, бұл оқиға әрекеттерге сай индивидуалды физикалық оқиғаларға физикалық заңдармен байланысты. Алайда психологиялық оқиғалардың белгілі бір түрлері физиологиялық оқиғалардың нақты бір түрлеріне байланысты болуын сипаттайтын ешқандай психофизиологиялық заңдар тұжырымдалуы мүмкін емес.

Дэвидсон материалистік көзқарасты ұстанады, себебі, оның ойынша, физикалық емес оқиғаға жататын оқиғалар болуы мүмкін емес. Бірақ ол бұл материализмнен қашып құтылғысы келіп, «менталды аномалдық» ұғымын алға тартады. Кез келген менталды оқиға физикалық оқиғаға негізделеді, бірақ менталды және физикалық оқиғаларға екітүрлі анықтама беріледі. Менталды оқиға ретінде ол каузалды немесе себепті заңдарға емес интерпретацияға, яғни түсіндірмеге бағынады, себебі оның менталды оқиға ретіндегі сәйкестілігі оның басқа менталды оқиғалар желісіндегі орнына тәуелді. Физикалық оқиға емес, менталды оқиға ретінде ол рационалды немесе иррационалды сипаттағы нормативті бағалауды талап етеді. Дэвидсонның айтуынша, бұл менталды-физикалық каузалдықтың мәнін өте тылсым етеді. Ол табиғи тілді игеруде қолданылатын мән-мағынаның формальді теориясын жасады. Табиғи тілдің ақиқатты пропозицияларының шексіз санының және аксиомалардың ақырғы жиынтығы мен тұжырымдау ережелерінің туындау механизмін ашып көрсетуге талпынады. Жекелей бір пропозицияны немесе сөйлемді түсіну адамның тілдің бәрін ұғына білу қабілетін, яғни холистикалық тезисті білдіреді. Дэвидсонның 1973 жылдан бастап зерттеу жүргізіп ізденетін сауалдарының екінші қатары адами іс-әрекеттерді сипаттау және түсіндіруге, олардағы себептілік ұғымының рөліне қатысты. Адами іс-әрекет рационалдылық принципіне негізделеді, ал ол өз алдына кеңістіктік-уақыттық координаталар жүйесіндегі каузалды анықтаманы білдіреді. Түрлі іс-әрекеттерді сәйкестендірудің өлшемі: егер А мен В-нің себептері мен салдарлары сәйкес болса, А оқиғасы В оқиғасына барабар. Дэвидсонның іс-әрекет теориясының маңызды тұсы – менталды оқиғаларды зерттеу және психологияны жаңаша негіздеу. Ол үш принципті алға тартады: 1) қабылдаулар, естеліктер, шешімдер сияқты менталды оқиғалар физикалық оқиғаларға каузалды түрде байланысты; 2) өзара себеп пен салдарлы қатынасты құратын оқиғалар каузалды заңдарға бағынады және 3) менталды оқиғаны алдын ала болжайтын және түсіндіруге боларлық каузалды заңдар жоқ. Менталды оқиғаларды физикалық оқиғалардан

редукциялау мүмкін емес. Дэвидсон үшін ақиқаттылықтың көзі – коммуникациялық актілер, олар коммуникацияның әрбір қатысушысы үшін әлемнің жалпы сипатын құрады. Ал коммуникацияны ол сөйлеу табиғаты туралы холистік түсініктеме тұрғысынан қарастырады. Сөйлеу актісін интерпретациялау күрделі лингвистикалық құрылымның қалыптасуына себеп болады. Өз сұхбаттасыңды түсіну дегеніміз – осы құрылымды «қағып алу».

Англиядағы философтар әлде де ғылым мен философияның арасында нақты бір шекара ғана емес, нағыз шыңырау жатыр деп санады. Райль мен Витгенштейн сияқты, олар философияның мақсаты – ақпарат емес, түсіну деп топшылады. Питер Стросон (1919–2006) мен оның ұстазы Пол Грайс «Догманы қорғау» атты мақаласында Куайнның аналитикалық-синтетикалық айырмашылыққа қатысты сынына тойтарыс берді.

Сэр Пи́тер Фре́дерик Стро́сон – ағылшын философы, аналитикалық философияның өкілі. 1968–1987 жылдар аралығында Оксфорд университетінде философия профессоры болды.

Питер Батыс Лондондағы Илингте туылып, Финчлиде өсіп жетілді. Оның ата-аналары мұғалімдер болды. Питер Финчлидегі Крайстчерч коллежінде білім алып, 1937 жылдан 1940 жылдарға дейінгі аралықта Оксфордтағы Әулие Иоанн колледжінде философияны, политологияны және экономиканы зерттеді. Стросон әскерлік борышын да өткерді, ол Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысты.

1947 жылдан бастап Стросон – Оксфордтың университеттік колледжінде дәріс берді, ал 1968 жылдан 1987 жылға дейін Оксфорд университетінде философия профессоры болған. Питер Стросон 1960 жылы Британдық Ғылым Академиясының мүшесі ретінде және 1971 жылы американдық Өнерлер және ғылымдар академиясының шетелдік құрметті мүшесі ретінде сайланды. Сонымен қатар 1969–1970 жылдар аралығында ол Аристотельдік Қоғамның президенті лауазымына ие болды. Ал 1977 жылы Питер Стросонға философияға қосқан үлесі үшін рыцарь атағы берілді.

Отбасылық жағдайына келер болсақ, ол үйленген болды, төрт баланың әкесі атанды. Өзінің саналы ересек ғұмырын Стросон түгелдей дерлік Оксфордта өткізді де 2006 жылдың 13 ақпанында азғана уақыт сырқаттанып жатып, дүниеден өтті. Питер Стросонның 1952 жылы туылған ұлы Гален Стросон да философ болып табылады.

Бе́ртран А́ртур Уи́льям Ра́ссел, 3-ші граф Рассел – британ философы, логик, математик және қоғам қайраткері.

Ертеректегі еңбектерінде, атап айтқанда, 1950 жылы жарық көрген «Референция туралы» мақаласында Стросон Бертран Расселдің дескрипциялар теориясын сынға алды. Сонымен бірге Питер Стросон индукция принципін логикалық негіздеу талпыныстарын да қатты сынайтын, себебі ол бұл принципті адам рационалдылығының міндетті жағы деп санады. 1950 жылдардың соңынан былай қарай Стросонның ғылыми қызығушылықтары метафизиканың аналитикалық философиясын жасақтауға ығысты. Стросонға дейін, барлық мектептер мен бағыттардың аналитиктері метафизиканы қабыл алмауға қатысты бірдей көзқарасты ұстанды. Олардың барлығы метафизикалық проблемаларды мәнсіз және өте күмәнді деп санады, ал олардың іс-әрекетінің мақсаты – метафизиканың кесірінен пайда болатын түсінбестіктен тілді тазалап алу. Стросонның философияға қосқан үлесі – ол метафизиканы аналитикалық философия тұрғысынан қалпына келтірді. Ол жаңа – дескриптивті метафизиканы күнделікті тілді талдау негізінде қайта құру бағдарламасын ұсынды.

Өзінің философиялық көзқарасында Стросон догматикалық ұстанымнан бас тартты. Оксфордтық философия өзін бәрінен жоғары екендігіне нық сенімді болып, кеңістік пен уақыт тұрғысынан алыс философтардан бірдеңені үйренуге құлқы жоқ боп тұрған кезде, Стросон Канттың «Таза ақыл-ой сынына» қатысты көзқарасын жаңа үлгіде көрсетіп жазған жұмысының арқасында өзінің британдық әріптестеріне философияның басқа стильдерінің де өз орны бар екендігін еске салды. «Метафизика» сөзін көпішілік анайы сөз ретінде қабылдап жатқанда, Стросон өзінің ең маңызды «Идивидуумдар» (1959) атты еңбегінің бөлім тақырыбын «Дескриптивті метафизика туралы эссе» деп атады.

Дескрипциялық метафизика біздің әлем туралы ойымыздың шынайы құрылымын сипаттауды мақсат тұтады, бірақ бұл құрылымды жақсартуды көздемейді (бұл ұстаным – ревизиялық метафизиканың белгісі). Индивидуумдар еңбегінде Стросон тілдің объектілерге референция немесе сілтеме жасап, оларды қайта идентификациялауға және олар жайлы

предикаттар жасауға болатын фундаменталды шарттарын құрып шығуға тырысты. Ол өз міндетін концептуалды анализ ретінде қарастырды, бірақ оның ауқымы кең және жалпылама сипатта еді. «Метафизик ізденетін құрылым, – деп жазды Стросон, – тілдің беткі жағынан көзге оңай түсе қоймайды, ол оның астарында жатыр».

Стросон біздің концептуалды жүйемізде материалды денелер мен адамдар өзгеше орын алады деген пікірді дәлелдегісі келді: осы екі түрдің ерекшеліктері – түпнегізгі ерекшеліктер. Тілдің субъектілі-предикатты құрылымына сай келетін референция мен сипаттаудың екі сөйлеу актісі біз материалды объектілерді сәйкестендіріп/идентификациялап және қайта сәйкестендіріуге/идентификациялауға келетін жағдайда ғана орын алуы мүмкін, ол үшін бірыңғай кеңістіктік-уақыттық құрылым талап етіледі. Кеңістік пен уақытта орналасып, түрлі қасиеттерге ие объектілердің құрылымы кез-келген тілден бұрын бар болып, оның пайда болуына алғышарт болады да, осы объектілердің түрлі жерлердегі реттеліп орналасуын тіркеп қана отырады.

Стросон адамды материалдық денелерден ешбір кем түспейтін фундаменталды логикалық категория ретінде қарастырады. Адамды Декарттың дуализмі немесе Картезиандық дуализм терминдері тұрғысынан ұғынған дұрыс емес. Егер ақыл-ой дегеніміз – тек жеке тәжірибе ғана тән болатын декарттық эго болса, онда біреулердің ой-сана күйлерін басқаларға жеткізу мүмкіндігіне қатысты мәселе мүлде шешімі жоқ проблемаға айналады. «Бұл – адамның ой-сана күйін, бастан өткенін ұғыну амалдары сияқты, өзінен басқа біреуге тән етуге немесе соған дайын болуға қажетті амалдарының міндетті шарты». Мұндай күйлерді басқаларға тән ету үшін тәжірибенің басқа объектілерін сәйкестендіре білу қажет. Оған қоса, басқаларды тек тәжірибе субъектілері, ой-сана күйлерінің иемденушілері ретінде ғана сәйкестендіруге болатын болса, онда оларды сәйкестендіру мүмкін емес. Демек, ақыл-ой емес, жеке адам тұжырымы қарапайым немесе примитивті болады:

Менің адам туралы тұжырымым – осы нақты типті нақты жеке адамға тең дәрежеде қолдануға болатын ой-сана күйлерін тән ететін предикаттар мен дене сипаттамаларын, физикалық жағдайды және т.б. тән ететін предикаттардың екеуін де қамтитын болмыс... Жеке адам ұғымы жеке ой-сана ұғымынан бұрын пайда болады. Жеке адам ұғымы тірі дене ұғымы немесе денеге біткен жан ретінде талданбауы тиіс.

Дегенмен Стросонның пікірінше, тәні өлген соң жеке адамның болмыс құрып қалуын елестету мүмкін емес. Қалай болғанда да, мұндай жан тірі қалса да, оның тіршілігі оқшауланған жалғыздыққа тең, яғни басқалармен байланысуға қабілетсіз және бұл әлемге қандай да бір әсер етуге қауқарсыз болар еді. Адамның естеліктері жойылып, дәрменсіздігі артқан сайын тірі қалған оның жанының жеке тұлға ретінде өзі жайлы болмысы сөне бастайды. «Жеке тұлға ретінде жанның тірі қалуы тұрғысынан осындай сөну шегінде оның бар болып қалуы мен оның жоқ болып кетуі арасында еш айырмашылық қалмайды. Осындай жағдайда тәнсіз жанның болмыс құруы ешбір мәнсіз болып көрінуі мүмкін, яғни осы себепті православиелік дінді ұстанушылардың тәннің қайта жандануына деген сенімі өте орынды көрінеді».

Стросонның 2006 жылдың басында дүниеден өтуі ағылшын философиясындағы тұтастай бір кезеңнің аяқталуына қойылған нүкте секілді болды.